

## **1 аралық бақылау сұрақтары (7 апта)**

**1. Мэйдзи дәуірінде тұңғыш конституциясы қай жылы қабылданды?**

- A) 1889 ж.
- B) 1889 ж.
- C) 1888 ж.
- D) 1887 ж.
- E) 1886 ж.

**2. XIX ғ. 80-ші жылдары мемлекеттік аппаратта реформалау, саяси жүйені қайта құру, экономикалық реформалар және т.б. қайта құрулар қай дәуірде жүргізілді?**

- A) Тайка кезеңінде
- B) Сева кезеңінде
- C) Тайсё дәуірінде
- D) Хэйсей дәуірінде
- E) Мэйдзи дәуірінде

**3.. 1907ж. 30 шілде Петербургте орыс-жапон конвенциясына қол қойды. Келісім екі бөлімнен тұрды-ашық және құпия.Келісімнің құпия бөлімінде**

- A) Маньчжурияның оңтүстігін Жапонияның, ал солтүстігін Ресейдің ықпал ету аймағына беру және Ресей Жапонияның Кореядағы ерекше құқығын таныды, ал Жапония Ресейдің сыртқы Монғолиядағы арнайы мүддесін мойындады.
- B) Маньчжурияның оңтүстігін Ресейдің, солтүстігін Жапонияның ықпал ету аймағына бөлу және Ресей Жапонияның Кореяны аннексиялауын мойындады, Жапония Ресейдің Монғолияны жаулап алуын мойындады
- C) Маньчжурияның оңтүстігін Жапонияның, солтүстігін Ресейдің ықпал ету аймағына бөлу және АҚШ-қа қарсы орыс-жапон одағын құру.
- D) Маньчжурияның оңтүстігін Ресейдің, солтүстігін Жапонияның ықпал ету аймағын бөлу және Қиыр Шығыста Англияның позициясын әлсіретуге күш салу.
- E) Маньчжурияның оңтүстігін Жапонияның, солтүстігін Ресейдің ықпал ету аймағын бөлу және АҚШ пен Англияның Қытайдағы саясатына нұсқан келтіру.

**4. XIXғ. 70-90-шы жылдардағы Жапонияның сыртқы саясатындағы басты екі бағыт**

- A) Батыс елдерімен жасалған тең емес келісім шарттарды жою және Кореяны жаулап алу.
- B) Сыртқы саяси аренадағы Қытайдың позициясының әлсіздігін пайдаланып, оған қарсы соғыс ашу.
- C) Жапонияның Қиыр Шығыстағы бақталастары Англия мен Ресейге қарсы Франциямен одақ құру.
- D) Қытайды жаулап алуға дайындықты күшейту және соғыс- теңіз флотын дамыту.

Е) Батыс елдермен жасалған тең емес келісім шарттарды жою және Қытайды тонауға олармен бірдей қатысу.

**5. Қай мемлекеттің территориясында 1905 ж. Ресей мен Жапония арасындағы Портсмут келісіміне қол қойды**

- А) Австро-Венгрия
- В) АҚШ
- С) Германия
- Д) Англия
- Е) Франция

**6.1881ж. Жапонияда "Теңдік және халық құқығы жолындағы қозғалыс" басшылары құрған тұңғыш саяси партияны атаңыз**

- А) Риккэн кайсинто.(Прогресс пен реформалық конституциялық партия)
- В) Риккэн дзюто. (Императорлық конституциялық либералдық партия)
- С) Риккэн тэйсэйто(Императорлық конституциялық партия)
- Д) Дайдо данкэцу (жалпыға бірдей келісім ассоциациясы).
- Е) Тоесякайто (Шығыстың социалистік партиясы)

**7. 1876ж. Жапония мен Корея арасындағы достық пен бейбітшілікке негізделген Канхвас трактаты бойынша**

- А) Кореяның Қытайға вассалдық тәуелділігін теріске шығарды.
- В) Корея Жапонияның отар еліне айналды.
- С) Корея мен Жапония арасында әскери-саяси одақ құрылды.
- Д) Корея мен Жапония арасында сауда байланысы орнады.
- Е) Корея мен Жапония арасындағы территориялық мәселе шешімін тапты.

**8. 1871ж. Сыртқы істер министрі Т.Ивакура бастаған миссия АҚШ пен Европа елдеріне дипломатиялық сапарға аттанды. Бұл миссия қандай мақсат ұстанды**

- А) Ресейге қарсы саяси одақтар құру мақсатында.
- В) Халықаралық аренада Жапония өзінің саяси беделін көтеру мақсатында.
- С) Шет елдердің саяси басқару жүйесімен танысу үшін.
- Д) АҚШ және батыс елдерімен жаңа сауда экономикалық келісім шарттар жасауды көздеді.
- Е) Тең емес келісім шарттарды қайта қарауды мақсат етті.

**9. 1888ж. Тұңғыш рет Жапония қай елмен тең дәрежедегі сауда келісіміне қол қойды**

- А) Россия
- В) Германия
- С) Индия
- Д) Мексика
- Е) АҚШ

**10. 1894-1895 жж. Жапония Шығыс Азиядағы қандай елмен соғысты?**

- А) Ресей
- В) Корея
- С) Қытай

D) Монголия

E) Индия

**11. 1905 жылдан бастап шыға бастаған және социалисттік идеяны насихаттаушы газет.**

A) "Юайнай".

B) "Осака хэймин симбун"

C) "Сякай симбун".

D) "Хикари".

E) "Нихон сякайто".

**12. 1910ж. Котоку Дэндзиро (Сюсуй) және оның 25 жақтастары тұтқындалып, 1911ж. 24 қаңтарда Котоку және 11 адам өлім жазасына кесілді. Бұларға қандай саяси айып тағылды**

A) Елде социалистік революция жасау идеясын таратушылар деген айып тағылды.

B) Императорды өлтіру мақсатында қастандық ұйымдастырушылар деген айып тағылды.

C) Анархизм бағытын ұстанушылар деген айып тағылды.

D) Жұмысшы қозғалысын қолдаушылар және саяси ереуіл ұйымдастырушылар деген айып тағылды.

E) Мемлекеттік төңкеріс жасаушылар деген айып тағылды.

**13. 1912ж. император Муцухито қайтыс болған кезде оның артынан бірден харакири жасаған атақты генерал**

A) Я.Аритомо.

B) С.Такамори.

C) И.Тайсукэ.

D) Ноги

E) Я.Исороку.

**14. 1894-1895 жж. Жапон-Қытай соғысы қандай бейбіт келісіммен аяқталды**

A) Симоносэки келісімі.

B) Портсмут келісімі.

C) Симод келісімі.

D) Париж келісімі.

E) Канагава келісімі.

**15. 1919 ж. Париж конференциясында Шаньдун провинциясы қай мемлекеттің қолына көшті**

A) Англия

B) Жапония

C) Франция

D) АҚШ

E) Қытай

**17. 1930 ж. 22 сәуірде теңіз қару-жарақтарын қысқарту туралы халықаралық конференцияны атаңыз**

- А) Париж конференциясы
- В) Вашингтон конференциясы
- С) Лондон конференциясы
- Д) Ялта конференциясы.
- Е) Тегеран конференциясы

**18. 1932 ж. 1 наурызда құрылған Маньчжоуго мемлекетінің билеушісі кім**

- А) Пу И
- В) Юань Шикай
- С) Чан Кайши
- Д) Катаяма Сэн
- Е) Сунь Ятсен

## **2 аралық бақылау сұрақтары. (15 апта)**

**1. Жапониядағы одақтастардың оккупациялық әскерінің бас қолбасшысы?**

- 1. Г. Трумэн
- 2. И.В.Сталин
- 3. Чан Кайши
- 4. Д. Макартур\*
- 5. Г.К.Жуков

**2. Оккупацияның бірінші кезеңінде елде қандай реформалар жүргізілді (1945-1948 жж.)?**

- 1. Жер реформасы, кәсіподақты ресмилендіру, кәсіпорындар мен банктерді национализациялау.
- 2. Монополияға қарсы реформа, конституциялық реформа, елді қайтадан қаруландыру.
- 3. Кәсіподақты ресмилендіру, жер реформасы, монополияға қарсы реформа, конституциялық реформа\*
- 4. Конституциялық реформа, кәсіподақты ресмилендіру, “Додж бағыты”, ақша реформасы.
- 5. Кәсіподақ ұйымдарына қарсы күрес, конституциялық реформа, монополияға қарсы реформа

**3. 1947 ж. қабылданған жаңа конституция бойынша император .....**

- 1. мемлекет басшысы болып табылды
- 2. “жапон ұлтының және халқының бірлігінің символы болып табылды”\*
- 3. бас қолбасшы болып табылды.
- 4. министірлер кабинетін басқарды.
- 5. парламенттің спикері болып тағайындалды.

**4. Социалистік, Демократиялық және Халықтық - кооперативтік партиялардың өкілдерінен құралған министірлер кабинетін кім басқарды (1947 ж. маусым – 1948 ж.**

**ақпан)?**

1. Сидэхара Кидзюро
2. Ёсида Сигэру
3. Хирохито
4. Катаяма Тэцу\*
5. Хигасикуни Нарухико

**5.Сан-Франциско бітім конференциясы қай жылы болды және оған қанша елдің өкілі қатысты?**

1. 1951 ж. 4-8 қыркүйек, 52 ел\*
2. 1951 ж. 4-10 қыркүйек, 48 ел
3. 1951 ж. 4-7 қыркүйек, 52 ел
4. 1951 ж. 4-8 қыркүйек, 55 ел
5. 1951 ж. 4-8 қыркүйек, 50 ел

**6.Сан-Франциско бітім конференциясында Жапонияның пермьер-министрі Ёсида Сигэру мен АҚШ мемлекеттік секретары Д.Ачесон қандай екі жақты келісімге қол қойды?**

1. “оккупация мерзімін 5 жылға ұзарту туралы келсімге”
2. “Сауда – экономикалық қатынас орнату туралы келісімге”
3. “Достық және бейбітшілік туралы келісімге”
4. “Соғыс шығынын төлеу туралы келісімге”
5. “Қауіпсіздік келісіміне”\*

**7.1955 ж. 15 қараша айында екі консерваторлық партиялар бірігіп қандай саяси партия құрды?**

1. ЛДП\*
2. СПЯ
3. КПЯ
4. Сохё
5. ДЛП

**8. 1956 ж. 18 желтоқсанда Жапония қандай халықаралық ұйымның мүшесі болды?**

1. ВТО
2. БҰҰ\*
3. ГАТТ
4. НАТО
5. НАФТО

**9. 1952 ж. 28 сәуірде Жапон – “қытай” бітім шартына Қытайдың заңды өкіметі ретінде ....**

1. Тайвань қол қойды.\*
2. ҚХР қол қойды.
3. Маньчжоуго қол қойды.
4. Цин империясы қол қойды.
5. Нанкин өкіметі қол қойды.

**10. “Көп жақты дипломатия” концепциясының негізі қай премьер-министрдің тұсында қаланды?**

1. Сато Эйсаку

2. Ёсида Сигэру
3. Танака Какуэй\*
4. Киси Нобусукэ
5. Хатоямо Итиро

**11. Қай жылы Жапония мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынас орнады?**

1. 1972 ж. 29 қыркүйек\*
2. 1972 ж. 27 қыркүйек
3. 1971 ж. 24 қазан
4. 1972 ж. 28 қараша
5. 1972 ж. 25 сәуір

**Емтихан сұрақтары.**

1. 1948-1952 жж. Оккупациялық тәртіптің екінші кезеңі және оның жүргізген шаралары.
2. 1945-1948 жж. Оккупациялық тәртіптің екінші кезеңі және оның жүргізген шаралары.
3. Сан-Франциско бітім шарты және “қауіпсіздік келісімі”.
4. Жапон-АҚШ қатынастарындағы Окинава мәселесі.
5. 70-ші ж. Жапония және АСЕАН елдері.
6. Киси кабинетінің сыртқы саясаты. 1960 ж. “қауіпсіздік келісімі”.
7. 1941-1945 жж. Тынық мұхиттағы соғыс және Жапония.
8. 1904-1905 жж. Орыс-Жапон соғысы : басталуы, барысы және нәтижесі.
9. 1894-1895 жж. Қытай –Жапон соғысы: басталуы, барысы және нәтижесі.
10. Мэйдзи дәуірінің соңғы жылдарындағы Жапонияның сыртқы саясаты. (1905-1912 жж.)
11. 1921-1922 жж. Вашингтон конференциясы және оның шешімдері.
12. Париж бітім конференциясы және Жапония.
13. Елдің ішкі саясатында либералдық тенденцияның өрлеуі мен төмендеуі. (1919-1930 жж.)
14. 30-шы жылдардағы жапон экономикасы.
15. 20-шы жылдардағы жапон экономикасы және оның даму бағыттары.
16. II-ші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Жапонияның сыртқы саясаты.
17. II-ші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Жапонияның ішкі жағдайы.
18. 1931-1936 жж. Елдің ішкі саясатында ұлтшылдардың ықпалы.
19. Вьетнам соғысы және Жапон -АҚШ қатынастары.
20. Оккупацияның алғашқы кезеңіндегі жапон экономикасы.
21. Қытайдағы Жапон агрессиясы: Маньчжоуго мемлекетінің құрлуы.

- 22.Құрылымдық қайта құрулардан кейінгі Жапон экономикасы. (1980-1989 жж.)
- 23.Қарқынды экономикалық даму жылдарындағы Жапония.
- 24.50-60 –шы жылдардағы Жапон-КСРО қатынастары.
- 25.50-60-шы жылдардағы Жапон – ҚХР қатынастары.
- 26.50-60-шы жылдардағы Жапонияның Оңтүстік Корея және КХДР қатынасы.
- 27.70-ші жылдардағы “қауіпсіздік келсімі” деңгейінде Жапон-Қытай қатынасының қалыптасуы.
- 28.70-ші жылдардағы Жапон-КСРО қатынастары.
- 29.70-ші жылдардағы Жапония және Оңтүстік Корея арасындағы байланыс.
- 30.Елдің ішкі саясатындағы өзгерістер (1960-1970 жж.)
- 31.Оккупациядан кейінгі кезеңдегі Жапонияның дамуы. (1952-1960 жж.)
- 32.90-шы жылдардағы жапон экономикасының даму сипаты.
- 33.Жаһандану жағдайындағы Жапонияның сыртқы саясаты және оның бағыттары.
- 34.Жапония және Ресей қатынастарындағы территориялық мәселе.
- 35.Жапония және ҚХР қатынастарындағы территориялық мәселе.
- 36.1918-1930 жж. Жапонияның сыртқы саясаты және оның бағыттары.